

Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ дағы «Машина жасау, машиналар мен жабдықтардың сандық инженериясы» бағыты бойынша диссертациялық кеңестің №6 ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

Алматы қ.

27 желтоқсан 2022ж.

ҚАТЫСҚАНДАР:

Тұрақты құрамы: Елемесов К.К. - диссертациялық кеңестің төрағасы, техн. ғылым.кандид., доцент, Жәутіков Б.А.- диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары, тех. ғыл. докторы, профессор, Басқанбаева Д.Д. - диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы, PhD доктор, Столповских И.Н.- т.ғ.д., профессор, Абсадыков Б.Н. – профессор, т.ғ.д., Сладковски А.В.-т.ғ.д., профессор.

Уақытша құрамы: Мұқанов Руслан Батырбекұлы- PhD докторы, «Көлік техникасы және логистика» кафедрасының қауымд. профессоры, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті. Жүсіпов Кеңес Әмірлұлы-т.ғ.к., Қазақ ұлттық аграрлық университетінің "Ауыл шаруашылығы техникасының механикасы және конструкциясы" кафедрасының профессоры, Сембаев Нұрболат Сәкенұлы - С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің "Көлік техникасы және логистика" кафедрасының меңгерушісі, Жунибеков Полатбек Жамалұлы – т.ғ.д., «Машина пайдалану» кафедрасының профессоры. ҚазҰАУ, Ибрагимова Зауре Асилбекқызы – PhD докторы, «Механика және машина жасау» кафедрасының доценті, Алшынова Айман Медеубекқызы – PhD докторы, «Өндірістік үдерістердің машиналары және аппараттары» кафедрасының қауымд. профессоры Алматы Технологиялық университеті.

Машина жасау, машиналар мен жабдықтардың сандық инженериясы диссертациялық кеңестің төрағасы - техн. ғыл.канд., доцент - Елемесов К.К.

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы доктор PhD - Басқанбаева Д.Д.

КҮН ТӘРТІБІ:

Абілқайыр Жасталап Наурызғалидың «Механикалық өңдеуден кейін пайда болатын қалдық кернеулердің ауыспалы қондырудың беріктігіне әсерін зерттеу» тақырыбы бойынша 6D071200 – "Машина жасау" білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы дәрежесін Ph.D алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысты қорғау.

Ғылыми кеңесшілер:

1. Турдалиев Ауезхан Тұрдалыұлы - техника ғылымдарының докторы, профессор, ОЖ бойынша Ректор- Проректор (ҚЖҚУ).

2. Ефременков Егор Алексеевич – техника ғылымдарының кандидаты., доцент Ұлттық зерттеу Томск политехникалық университеті, Томск қаласы, Ресей.

Ресми рецензенттер:

1. Сухамбаев Асхат Капсаметұлы – техника ғылымдарының кандидаты, ҚЖҚУ-нің, «Транспорттық техника, машина жасау және стандарттау» кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қаласы;

2. Шингисов Бейбит Түменбайұлы – PhD докторы, ЛҚА-ның, «Автокөлік құралдары және өмір-тіршілік қауіпсіздігі» кафедрасының меңгерушісі, Алматы қаласы.

Төраға:

Ресми рецензенттер:

- 1) Сухамбаев Асхат Капсаметұлы – **бар**;
- 2) Шингисов Бейбит Түменбайұлы – **бар**

Төраға: Диссертациялық Кеңестің бекітілген құрамынан 12 адам (оның ішінде 6 уақытша ДК мүшесі) отырысқа оффлайн- 10, ал онлайн- 1 адам қатысты.

Дәлелді себептерге байланысты диссертациялық кеңестің отырысына катыса алмады: 1-Сладковски А.В.

Төраға: Диссертациялық кеңестің барлық қатысушы мүшелері келу парағына қол қойды. Жұмысқа керекті кворум бар. Жұмысты бастауға ұсыныс бар. Кім осы ұсынысты қолдайды? Дауыс беріңіздер. Кім қалыс қалды? Қарсы?

ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ:

Келісемін – барлығы,

Қарсы – жоқ

Қалыс қалғандар – жоқ.

Төраға: Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері! Кворум бар - 6D071200 - "Машина жасау" мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің 12 мүшесінен, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті алқасының қаулысымен бекітілген отырысқа 10 оффлайн, 1 онлайн қатысады, яғни диссертациялық кеңес құрамының 2/3 астамы қатысады, демек, отырыс заңды болып саналады.

Төраға: Құрметті әріптестер! Дауыс беруді ескере отырып, диссертациялық кеңестің отырысын ашық деп санауға рұқсат етіңіздер.

Төраға: Диссертанттың аттестаттау ісінің материалдарын жария ету үшін сөз диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы Басқанбаева Динара Джумабаевнаға беріледі.

Ғылыми хатшы: Диссертациялық кеңеске Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университетінің 6D071200 - "Машина жасау" мамандығының PhD докторанты Ж.Н. Абілқайырдан «Механикалық өңдеуден кейін пайда болатын қалдық кернеулердің ауыспалы қондырудың беріктігіне әсерін зерттеу» тақырыбы бойынша диссертациялық жұмысын қорғауға, келесідей құжаттар келіп түсті.

1. Докторант Абілқайыр Жасталап Наурызғалидан «Машина жасау, машиналар мен жабдықтардың сандық инженериясы бойынша Диссертациялық кеңеске қорғауға шығу туралы өтініші.

2. Техника ғылымдарының докторы, профессор, ОЖ бойынша Ректор- Проректор (ҚЖҚУ) тарапынан ғылыми кеңесшінің пікірі - **Турдалиев Ауезхан Тұрдалыұлы;**

3. Шетелдік ғылыми кеңесшінің пікірі **Ефременков Егор Алексеевич** – техника ғылымдарының кандидаты, доценті Ұлттық зерттеу Томск политехникалық университеті, Томск қаласы, Ресей.

4. Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ "Машина жасау" кафедрасының кеңейтілген отырысының оң қорытындысы;

5. Қатты мұқабалы және электрондық жеткізгіштегі диссертациялық жұмыс, сондай-ақ орыс, ағылшын және қазақ тілдеріндегі аңдатпалар;

6. Диссертация тақырыбы бойынша 7 ғылыми жұмыс жарияланды;

• 1 Scopus дерекқорына кіретін журналдардағы ғылыми мақалалар;

• 3 Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда ғылыми баяндамалар, оның біреуі алыс шетелде;

• 3 Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдардағы ғылыми мақалалар;

7. Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығының анықтамасы диссертацияда авторға және алынған материалдар көзіне сілтеме жасамай ақ материалды пайдалануын тексергендігін растайды. "ҰҒТАО" АҚ диссертациялар қорымен салыстырмалы талдау нәтижесінде сәйкестіктер табылған жоқ.

8. Жоғары білім туралы дипломның көшірмесі – бакалавриатты бітіргені туралы (нотариалды куәландырылған).

9. Магистр академиялық дәрежесі туралы дипломның көшірмесі (нотариалды куәландырылған).

10. Докторантураның кәсіптік оқу бағдарламасын игеру туралы транскрипт көшірмесі.
11. Диссертация тақырыбын бекіту туралы бұйрық.
12. Барлық құжаттар ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Философия докторы (PhD) беру жөнінде сәйкес келеді және олар қол жетімді.

Төраға: Ғылыми хатшыға немесе диссертантқа аттестаттау ісінің материалдары бойынша сұрақтар бола ма?

Кеңес мүшелері: Жок.

Төраға: Диссертантқа диссертацияның мәні мен негізгі ережелерін ұсыну үшін сөз беріледі. Регламент бойынша диссертацияға 20 минут беріледі.

Сөз сөйледі: Докторант Абілқайыр Жасталап Наурызғали өз баяндамасында диссертациялық жұмысының мағынасын және мәнін баяндады. Баяндама презентация түрінде ұсынылды. Баяндама барысында келесі мәселелер қамтылды:

1. Зерттелетін мәселенің өзектілігі
2. Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері
3. Ғылыми жаңалық
4. Қорғауға шығарылатын ғылыми ережелер
5. Диссертацияның практикалық маңыздылығы

Төраға: Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері, диссертацияға қатысты қандай сұрақтарыңыз бар? Жұмысты талқылау үшін сұрақтар қоюларыңызды өтінемін.

Докторантқа келесі сұрақтар қойылды:

Сембаев Нұрболат Сакенович – С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің «Көлік техникасы және логистика» кафедрасының меңгерушісі:

1. Сіз эксперименттік зерттеулер жүргіздіңіз. Зерттелетін болаттар үшін қалдық кернеулердің мәндері қандай?

Жауап: Зерттелетін болаттардың қалдық кернеулерінің максималды мәндері анықталды: Болат 20Х $\sigma_{\max} = 515$ МПа; 30ХН болат $\sigma_{\max} = 560$ МПа;

Жунисбеков Полатбек Жамалұлы – т.ғ.д., «Машина пайдалану» кафедрасының профессоры.

Сұрақтар:

1. Осы қалдық кернеулердің пайдасы мен зияны қандай?

Жауаптар:

Рахмет сұрағыңызға, механикалық өндеуден кейін пайда болатын қалдық кернеулердің әерін ескере отырып кесу режимдері мен аспапты дұрыс тандау арқылы тетіктердің сапалы өңделуін қамтамасыз етеміз. Қалдық кернеулердің зияны бет сапасына әсері.

Абсадықов Бахыт Нарикбаевич – тех. ғыл. док. профессор.

Сұрақ:

1. Осы сіз қарастырған қалдық кернеулер өнім сапасына қалай әсер етеді?

2. Қорапты тетіктерде ҚК басқарудың ескіру әдісі қолданылады, ал сізде тағы қандай әдістер қарастырылды?

Жауаптар:

1. Қалдық кернеулер жұқа қабырғалы тетіктерді өндеген кезде кері әсерін тигізеді. Механикалық өндеуден кейін қайта бөлініске түскен қалдық кернеулер тетік формасы мен өлшеміне кері әсер етеді.

2. Бізде сақина мен білік тетіктерін механикалық өңдеу кезіндегі кесу режимдері элементтері мен аспаптың геометриялық параметрлерін өзгерту арқылы ҚК басқару қарастырылды.

Алшынова Айман Медеубековна – PhD докторы, қауымд. «Өндірістік үдерістердің машиналары және аппараттары» кафедрасының профессоры

Сұрақ: Қалдық кернеуді зерттеудің қандай әдістері қолданылды?

Жауабы:

Қалдық кернеулерді эксперименттік зерттеу Давиденков-Биргер әдісімен жүргізілді. Қалдық деформацияларды тіркеу және жазу үшін жаңа жетілдірілген "ТОН – 3А" құрылғысы пайдаланылды.

Жүсіпов Кеңес Әмірлұлы-т.ғ.к., Қазақ ұлттық аграрлық университетінің "Ауыл шаруашылығы техникасының механикасы және конструкциясы" кафедрасының профессоры,

Сұрақ:

1. ҚК- мен сізге дейін айналысқан ғалымдар болды ма?
2. Механикалық өңдеу қандай жабдықтарда жүргізілді?

Жауабы:

1. Маған дейін Мендебаев Т.М., Тундыбаев К.С., Габдуллина А.З. және тағы басқа ғалымдар ҚК зерттеген.

2. Механикалық өңдеу токарлық станокта арнайы қондырғымен жүргізілді

Мұқанов Руслан Батырбекұлы-PhD, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Инженерия факультетінің деканы

Сұрақ: Біріктірілген бөлшектердің сапасы неге байланысты?

Жауабы:

Біріктірілген бөлшектердің сапасы өңделген беттерінің сапасына байланысты, яғни біздің вариантта білік пен тесікке байланысты.

Мүшелер Диссертациялық кеңес докторанттың баяндамасы бойынша өзекті сұрақтар қойды. Абілқайыр Жасталап Наурызғали барлық сұрақтарға толық жауап беріп, диссертациялық кеңес мүшелері жауаптармен қанағаттандырылды.

Төраға: Сөз ғылыми кеңесші техника ғылымдарының кандидаты **Турдалиев Ауезхан Тұрдалыұлына** беріледі.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Ғылыми кеңесші техника ғылымдарының докторы, профессор **Турдалиев Ауезхан Тұрдалыұлы.** Сөз сөйлеу барысында ғылыми кеңесші диссертацияның өзектілігін, мақсаты мен міндеттерін, ғылыми жаңалығын, ғылыми ережелерін және қорғауға шығарылатын, сондай-ақ практикалық маңыздылығын қысқаша баяндады:

Диссертациялық жұмыс тақырыбы машина жасау ғылыми дамудың басым бағыттарына сәйкес келеді, машинажасау саласын дамыту бағдарламасының негізгі міндеттерін шешуге, яғни жаңа технология мен жабдықтарды жарату арқылы өнім сапасын жақсартуға бағытталған.

Бөлшектердегі беттік қалдық кернеулерді қалыптастыру, басқару және бақылау мәселелері маңызды міндеттердің бірі болып табылады, оларды сәтті шешу қозғалтқыш бөлшектерін өндіру кезінде беріктік сипаттамаларының тұрақтылығын едәуір арттыруға мүмкіндік береді, бұл қозғалтқыштардың қажетті сенімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Алынған ғылыми жаңалықтар мен мәліметтер, тұжырымдар және қорытындылар машинажасау саласында PhD ғылымының докторы дәрежесін алу үшін жазылатын диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарға толығымен сай келеді. Ұсынылған диссертациялық жұмыстың ғылыми-әдістемелік деңгейі осы зерттеулердің кешенділігін көрсетеді, бұл ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін өндіріске енгізу актісімен, диссертациялардың нәтижесін оқу процесіне енгізу актісімен расталған. Жұмыста келтірілген нәтижелер дұрыс және ғылыми құндылық болып табылады, бұл автордың халықаралық рецензияланатын журналда, ҚР БСҒК ұсынған журналда жарияланымдарымен және халықаралық және шетелдік конференцияларда нәтижелерді талқылауымен расталған.

Жүргізілген тәжірибелік зерттеулер нәтижесінде заманауи машинажасау өндірісінің өңдеу сапасы мен дәлдігі, жоғары өнімділік, әмбебаптық, ресурстарды тежеу және үнемдеу бойынша қоятын талаптарын толығымен қанағаттандыра алатын металл дайындамаларды кесу технологиясы жаратылған.

Диссертацияның материалында жаңа ғылымдық және практикалық нәтижелер бар. Диссертация сауатты жазылған, материал көңілге қонымды, ретті баяндалған және осы жұмысты аяқталған зерттеу жұмысы деп есептеймін.

Диссертацияның зерттеу нәтижелері ғылымға қосатын үлесі зор және оның маңыздылығы жұмысты орындау барысында толық ашылған. Ізденуші диссертацияны орындау барысында өзі жазу деңгейін жоғары көрсетті, іденуші диссертация өзектілігінің толық негізделгендігін баяндады.

Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған, теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар автордың эксперименттік зерттеулерімен дәлелденген және расталған.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында машинажасау саласы үшін маңызды болған механикалық өңдеуден кейін пайда болатын қалдық кернеулердің ауыспалы қондырудың беріктігіне әсерін зерттеу, қалдық кернеулерді азайтуға арналған. Абілқайыр Жасталап Наурызғалидың диссертациясын аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы деп есептеуге болады. Диссертацияда жаңа ғылымдық және практикалық нәтижелер алынған. Осыларды өндіріске енгізу ғылымдық-техниканың қарқынды өсуіне едәуір үлес қосады.

«Механикалық өңдеуден кейін пайда болатын қалдық кернеулердің ауыспалы қондырудың беріктігіне әсерін зерттеу» тақырыбына орындалған диссертациялық жұмыс 6D071200 – «Машинажасау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) диссертациясына қойылатын білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына толық сәйкес келеді.

Төраға: Сөз онлайн қатысып отырған шетелдік ғылыми кеңесші техника ғылымдарының кандидаты **Ефременков Егор Алексеевичке** беріледі.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Шетелдік ғылыми кеңесшісі техника ғылымдарының докторы **Ефременков Егор Алексеевич** өз пікірін баяндады.:

Машина жасауды дамытудың қазіргі деңгейі металл өнімдерінің сапасын үздіксіз арттыруды талап етеді және осы бағыттағы жолдардың бірі қалдық кернеулер туралы идеяларды, оларды бақылау, өлшеу, релаксация және олардың мөлшерін басқару әдістерін дамыту болып табылады. Осыған байланысты мәселеге жан-жақты қарап, қалдық кернеулер құбылысының барлық қырларын қарастыру қажет. Енді қалдық кернеулер металл конструкцияларының бұзылуына әкеліп қана қоймай, керісінше олардың өнімділігін бірнеше есе арттыратыны анық. Сондықтан қалдық кернеулердің белгілі бір деңгейі немесе олардың металл қабатында белгілі бір таралуы бар металл бұйымдарын алуға бағытталған зерттеулер көбейіп келеді.

Әзірлеудің жоспарланған ғылыми-техникалық деңгейі, патенттік зерттеулер туралы мәліметтер және олардың қорытындылары механикалық өңдеуден кейінгі қалдық кернеулерді анықтау мәселесі бойынша әдеби шолуда жүргізілген патенттік іздестірудің толықтығымен, машина бөлшектеріндегі қалдық кернеулердің пайда болуы мен жойылуын зерттеудің қазіргі заманғы әдістемелерін әзірлеумен және таңдаумен айқындалады.

Ұсынылған диссертациялық жұмыстың ғылыми-әдістемелік деңгейі осы зерттеулердің кешенділігін көрсетеді, бұл ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін өндіріске енгізу актісімен, диссертациялардың нәтижесін оқу процесіне енгізу актісімен расталады. Жоғарыда келтірілген нәтижелер дұрыс және ғылыми құндылық болып табылады, бұл автордың халықаралық рецензияланатын журналда, ҚР БСҒК ұсынған журналда жарияланымдарымен және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өндіріске халықаралық және шетелдік конференцияларда талқылаумен, диссертациялардың нәтижесін оқу процесіне енгізу актісімен расталады.

Өтпелі қондырулармен қосылыстың кернеулі-деформацияланған жай-күйін есепке алу жүргізілді, қалдық кернеулерді азайту жөніндегі іс-шаралар әзірленді.

Алынған ғылыми жаңалықтар мен мәліметтер, тұжырымдар және қорытындылар машинажасау саласында PhD ғылымының докторы дәрежесін алу үшін жазылатын диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарға толығымен сай келеді.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында машинажасау саласы үшін маңызды болған механикалық өңдеуден кейін пайда болатын қалдық кернеулердің ауыспалы қондырудың беріктігіне әсерін нақтылап зерттелген, қалдық кернеулерді азайтуға арналған. Абілқайыр Жасталап Наурызғалидың диссертациясын аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы деп есептеуге болады. Диссертацияда жаңа ғылымдық және практикалық нәтижелер алынған. Осыларды өндіріске енгізу ғылымдық-техниканың қарқынды өсуіне едәуір үлес қосады.

«Механикалық өңдеуден кейін пайда болатын қалдық кернеулердің ауыспалы қондырудың беріктігіне әсерін зерттеу» тақырыбына орындалған диссертациялық жұмыс 6D071200 – «Машинажасау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) диссертациясына қойылатын білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына толық сәйкес келеді.

Ресми рецензенттердің сөз сөйлеуі және диссертацияның олардың ескертулеріне жауаптары.

Төраға:

Сөз ресми рецензент, техника ғылымдарының кандидаты Сухамбаев Асхат Капсаметұлына беріледі.

Сөз сөйледі: ресми рецензент - Сухамбаев Асхат Капсаметұлы.

Абилқайыр Жасталап Наурызғали осы диссертация бойынша жұмысындағы жеке үлесі зерттеу тақырыбын тұжырымдау мен негіздеуден, міндеттер қоюдан, теориялық және эксперименттік зерттеулер жүргізуден, жүргізілген жұмыстарды әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеуден, зерттеулер жүргізудегі дербестік деңгейін жоғары деп бағалауға мүмкіндік беретін қорытындылар мен ұсынымдарды әзірлеуден тұрады.

Автордың диссертация * бойынша зерттеулерінің өзектілігі жеткілікті түрде негізделген, диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын көрсетеді. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертацияның бөлімдері мен ережелері толығымен өзара байланысты. Диссертацияның зерттеу нәтижелері ғылымға қосатын үлесі зор және оның маңыздылығы жұмысты орындау барысында толық ашылған. Диссертациялық жұмыс тақырыбы машина жасау ғылыми дамудың басым бағыттарына сәйкес келеді, машинажасау саласын дамыту бағдарламасының негізгі міндеттерін шешуге, яғни жаңа технология мен жабдықтарды жарату арқылы өнім сапасын жақсартуға бағытталған.

Ж.Н.Абилқайырдың қорытындылары сыналды және 7 басылымда жарияланды. Негізгі ережелер жарияланымдарының толықтығы PhD диссертациясына қойылатын ресми талаптарға сәйкес келеді. Барлық бөлімдер мен ғылыми ережелер мен тұжырымдар логикалық тұрғыдан өзара байланысты. Автор жұмысты орындау барысында диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылыстарының өзара логикалық байланысын толық сақтаған.

Диссертацияның авторы келесі жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

конструктивтік-технологиялық факторларды және жүктеме тарихын ескерумен ерекшеленетін конструкциялар элементтердегі ҚДК және қалдық кернеулерді есептеу схемасы жасалған; кернеу концентраторлары бар бөлшектердегі технологиялық тұқым қуалаушылықты ескере отырып қалдық кернеулердің пайда болуының жалпы заңдылықтары анықталған; технологиялық операциялардың пайдалану сипаттамаларын ескере отырып, бөлшектерді дайындау кезіндегі құрылымдық және әртүрлі факторлардың әсері анықталған; өтпелі қондырулармен байланысты сыни жүктемелер анықталған; жұқа қабырғалы бұйымдардағы қалдық кернеулерді анықтау әдістері ұсынылған. Бұл ғылыми нәтижелер мүлдем жаңа, бұрын белгісіз. Диссертация «Механикалық өңдеуден кейін пайда болатын қалдық кернеулердің ауыспалы қондырудың беріктігіне әсерін зерттеу» аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылыми дәрежелерін беру қағидаларының барлық талаптарына сәйкес келеді, ал оның авторы Абилқайыр Жасталап Наурызғалиға («6D071200 – Машина жасау») мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін алуға лайық (PhD).

Диссертация бойынша ескертулер жоқ.

Төраға:

Сөз ресми рецензент, PhD докторы **Шингисов Бейбит Түменбайұлына** беріледі.

Сөз сөйледі: ресми рецензент – **Шингисов Бейбит Түменбайұлы**.

Диссертация ғылымның дамуына айтарлықтай үлес қосады. Диссертацияның мазмұны мен зерттеу нәтижелері жүргізілген зерттеулердің өзектілігі мен маңыздылығын жақсы көрсетеді. Бөлшектердегі беттік қалдық кернеулерді қалыптастыру, басқару және бақылау мәселелері маңызды міндеттердің бірі болып табылады, оларды сәтті шешу қозғалтқыш бөлшектерін өндіру кезінде беріктік сипаттамаларының тұрақтылығын едәуір арттыруға мүмкіндік береді, бұл қозғалтқыштардың қажетті сенімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толығымен көрсетеді. Алынған жаңа ғылымдық нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындылары негізделген, қателіктер жоқ, шынайылық дәрежесі және дұрыстығы жоғары. Өйткені зерттеулер қалдық кернеулердің күйін зерттеудің қазіргі заманғы теориялық әдістемелерін қолдануды негізге алған. Ұсынылған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) белгілі шешімдермен салыстырғанда жеткілікті дәлелді және бағаланады. Диссертациядағы барлық негізгі тұжырымдар мен ұсыныстар ғылыми тұрғыдан маңызды теориялық зерттеулерге және көптеген эксперименттік мәліметтерге негізделген, жақсы негізделген және тұжырымдалған. Техникалық, технологиялық және экономикалық шешімдер мүлдем жаңа, практикалық маңызы бар және жеткілікті негізделген. Теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденген және расталған. Диссертацияның негізгі қағидалары, нәтижелері мен қорытындылары жеткілікті деңгейде жарияланған, яғни ғылымдық баспаларда диссертацияның материалдары кең баяндалған. Диссертацияның материалында жаңа ғылымдық және практикалық нәтижелер бар. Диссертация сауатты жазылған, материал көңілге қонымды, ретті баяндалған және осы жұмысты аяқталған зерттеу жұмысы деп есептеймін. Жұмыс серпімділік теориясының классикалық әдістеріне және Деформацияланатын қатты дененің механикасына негізделген. Сандық есептеу ANSYS, Deform-3D бағдарламалық-есептеу кешендерін қолдана отырып, ақырлы элементтер әдісі негізінде жүзеге асырылады. Диссертация «Механикалық өңдеуден кейін пайда болатын қалдық кернеулердің ауыспалы қондырудың беріктігіне әсерін зерттеу» аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылыми дәрежелерін беру қағидаларының барлық талаптарына сәйкес келеді, ал оның авторы Абілкайыр Жасталап Наурызғалиға («6D071200 – Машина жасау») мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін алуға лайық (PhD).

Диссертация бойынша келесі ескертуім бар:

Диссертациялық жұмыста тек қана токарлық үрдістер қарастырылған, не себепті басқа станоктармен өндеуді қарастырмадыңыз?

Төраға: Сөз диссертантқа беріледі – ресми рецензент **Шингисов Бейбит Түменбайұлының** ескертуіне жауап.

Біздегі қарастырылған тетік білік пен сақина болғандықтан токарлық операциялар жүргізілді, ал егер қораптық тетіктер болғанда басқа станоктардағы операцияларды қарастыруға болатын еді.

Диссертациялық жұмысты талқылау, кеңес мүшелерінің, қатысқан ғалымдардың және диссертациялық кеңес төрағасы орынбасарының сөз сөйлеуі.

Төраға:

Диссертациялық жұмысты талқылауға көшейік. Кім шыққысы келеді?

Төраға: Тағы да шыққысы келетіндер барма? Жеткілікті ме?

Өтініш берушінің қорытынды сөзі.

Төраға орынбасары: Егер сұрақтар болмаса, біз диссертантқа қорытынды сөз беруге құқығымыз бар. Өтінемін.

(Диссертанттың қорытынды сөзі).

Жасырын дауыс беруді өткізу және диссертациялық кеңестің қорытындысын қабылдау.

Төраға орынбасары: Жасырын дауыс беру үшін біз үш адамнан тұратын есеп комиссиясын сайлауымыз керек. Қандай ұсыныстар болады? Есеп комиссиясының мүшелерін сайлау туралы ұсыныс түсті:

1. Жунисбеков Полатбек Жамалұлы
2. Ибрагимова Зауре Асилбекқызы
3. Басқанбаева Динара Джумабаевна

Есеп комиссиясының осы құрамын бекітуге кім келіседі? Кім қарсы? Жок. Кім қалыс қалды?

ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ:

Келісемін – барлығы,

Қарсы – жок

Қалыс қалғандар – жок.

Есеп комиссиясының құрамы бірауыздан бекітілді. Комиссияны жұмысқа кірісуін сұраймын. Өтінемін, өтіңіз Өтінемін, өтіңіздер. Жасырын дауыс беру үшін үзіліс жарияланды.

Үзілістен кейін

Төраға орынбасары: Құпия дауыс беру нәтижелерін жариялау үшін есеп комиссиясының төрағасына сөз беріледі. Есеп комиссиясының төрағасы. Өтінемін, Сізге сөз.

Есеп комиссиясының төрағасы т.ғ.д., профессор: Жунисбеков Полатбек Жамалұлы

Төраға: Есеп комиссиясының хаттамасы диссертациялық кеңестің бекітуіне шығарылады. Есеп комиссиясының хаттамасын бекіткенге кім келіседі? Кім қарсы? Кім қалыс қалды? Есеп комиссиясының хаттамасы бірауыздан бекітіледі.

ЖАСЫРЫН ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ:

Дауыс беру нәтижелері:

Келісемін – барлығы,

Қарсы – жок

Қалыс қалғандар – жок.

Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері өткізілген қорғау және жасырын дауыс беру нәтижелері негізінде «6D071200 – Машина жасау» мамандығы бойынша Абілқайыр Жасталап Наурызғалиға философия докторы (Ph.D) дәрежесі берілсін.

Қорытындылай келе, Машина жасау, сандық машиналар мен жабдықтардың инженериясы» бағыты бойынша диссертациялық кеңес көпшілік алдында диссертация қорғау және жасырын дауыс беру нәтижелері негізінде Абілқайыр Жасталап Наурызғалиға 6D071200 – «Машина жасау» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін беру туралы шешім қабылдады.

Төраға: Бұл ретте диссертациялық Кеңестің отырысы аяқталды деп есептеледі.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

Абилқайыр Жасталап Наурызғалиға қорғау және дауыс беру нәтижелері бойынша диссертациялық кеңес «6D071200 – Машина жасау» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін беру туралы шешім қабылданды.

«Машина жасау, сандық машиналар мен жабдықтардың инженериясы» бағыты бойынша ДК төрағасы, т.ғ.к., доцент

Елемесов Қ.К.

«Машина жасау, сандық машиналар мен жабдықтардың инженериясы» бағыты бойынша ДК ғылыми хатшысы
PhD доктор

Басқанбаева Д.Ж.

